

**Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2018 жылға арналған субсидия нормативтері мен көлемдерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 23 ақпандағы № 46 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 27 ақпанда № 5497 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 29 қазандағы № 313 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 29.10.2018 № 313 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) .

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 7-бабы 2-тармағының 18) тармақшасына сәйкес және "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 30 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 14813) бұйрығын іске асыру мақсатында, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2018 жылғы 12 ақпандағы № 3-1-9/2743 хатының негізінде Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2018 жылға арналған субсидиялардың нормативтері мен көлемдері бекітілсін.

2. Облыс әкімінің аппараты, облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдіктің қаулысы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерінің облыс аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жолдауды;

4) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроөнеркәсіп кешені мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

*Шығыс Қазақстан облысының  
әкімі*

*Д. Ахметов*

Шығыс Қазақстан облысы  
әкімдігінің 2018 жылғы  
"23" ақпандағы  
№ 46 қаулысына қосымша

**Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2018 жылға арналған субсидиялардың нормативтері мен көлемдері**

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидияланатын көлем	Субсидиялар көлемі, мың теңге
Етті мал шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымдық және селекциялық жұмыс жүргізу				
1.1	Тауарлы аналық бас				
1)	Базалық норматив	бас	10 000	110 000	1 100 000
	Қосымша норматив:				
2)	80 %-дан бастап қоса алғанда төл беру шығымы	бас	8 000	75 000	600 000
	60 %-дан бастап қоса алғанда төл беру шығымы	бас	6 000	10 000	60 000
1.2	Асыл тұқымды аналық бас				

1)	Базалық норматив	бас	10 000	29 000	290 000
	Қосымша норматив:				
2)	80 %-дан бастап қоса алғанда төл беру шығымы	бас	20 000	15 000	300 000
	70 %-дан бастап қоса алғанда төл беру шығымы	бас	15 000	1 000	15 000
2.	Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу	бас	150 000	5 375	806 250
	Барлығы:				3 171 250
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1.1	Асыл тұқымды аналық бас				
1)	Базалық норматив	бас	10 000	15 000	150 000
	Қосымша норматив:				
2)	80 %-дан бастап қоса алғанда төл беру шығымы	бас	20 000	5 500	110 000
	70 %-дан бастап қоса алғанда төл беру шығымы	бас	15 000	1 500	22 500
2.	Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу				
1)	отандық шаруашылықтардың асыл тұқымды ірі қара малы	бас	170 000	100	17 000
2)	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал				
	Еуропа және ТМД елдерінен	бас	150 000	400	60 000
3.	Сүт өндіру мен дайындаудың құнын арзандату				
1)	бағымдағы мал басы 400 бастан басталатын шаруашылықтар	кг	25	30 020 000	750 500
2)	бағымдағы мал басы 50 бастан басталатын шаруашылықтар	кг	15	12 500 000	187 500
3)	ауыл шаруашылығы кооперативтері	кг	10	3 000 000	30 000
	Барлығы:				1 327 500
Мал шаруашылығы					
1.	100 бастан бастап тірі салмақтағы бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату				
1)	400-ден 450 килограмға дейін	бас	45 000	1 400	63 000
2)	451-ден 500 килограмға дейін	бас	60 000	400	24 000
3)	501-ден 550 килограмға дейін	бас	65 000	150	9 750
4)	551-ден 600 килограмға дейін және одан жоғары	бас	75 000	100	7 500
2.	Ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату	бас	20 000	1 000	20 000
3.	Қоғамдық және тауарлы табындарда етті, сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаларын күтіп-бағу	бас	100 000	30	3 000
	Барлығы:				127 250
Етті құс шаруашылығы					

1.	Отандық және шетелдік асыл тұқымды шаруашылықтардан ата-енелік/ата-тектік нысандағы етті бағыттағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу	бас	600	80 300	48 180
2.	Құс (бройлер) етін өндіру құнын арзандату				
1)	15 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	кг	80	11 781 250	942 500
2)	5 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	кг	60	9 850 000	591 000
	Барлығы:				1 581 680
Шошқа шаруашылығы					
1.	Шошқа етін өндіру құнын арзандату				
1)	нақты бордақыланғаны 3 000 бастан бастап	кг	100	755 140	75 514
	Барлығы:				75 514
Қой шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1)	асыл тұқымды қойлардың аналық басы	бас	2 500	90 000	225 000
2)	тауарлы қойлардың аналық басы	бас	1 500	108 000	162 000
2.	Асыл тұқымды қойлар сатып алу				
1)	тұсақтар	бас	8 000	5 000	40 000
2)	тұқымдық қошқарлар	бас	20 000	3 200	64 000
3.	Қозы етін өндіру құнын арзандату	бас	1 500	1 500	2 250
4.	Қайта өңдеуге өткізілген биязы және жартылай биязы жүн өндіру құнын арзандату				
1)	сапасы 60-тан басталатын жүн	кг	150	12 000	1 800
	Барлығы:				495 050
Жылқы шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымды айғырлар сатып алу	бас	100 000	100	10 000
2.	Асыл тұқымды аналық бас сатып алу	бас	40 000	200	8 000
3.	Бие сүтін өндіру және қайта өңдеу құнын арзандату, оның ішінде ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін	кг	60	1 100 000	66 000
4.	Жылқы етін өндіру құнын арзандату	кг	92	110 000	10 120
	Барлығы:				94 120
Марал шаруашылығы (бұғы шаруашылығы)					
1.	Аналық баспен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	бас	41 000	1 800	73 800
	Барлығы:				73 800
Балара шаруашылығы					
1.	Балара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	балара ұясы	9 918	10 000	99 180
	Барлығы:				99 180
Азық өндіру					
1.	Мал шаруашылығы өнімін өндірумен айналысатын ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін құрамажем зауыттары өткізген құрамажем құнын арзандату	тонна	20 000	1 500	30 000

Барлығы:				30 000
Барлық сомасы:				7 075 344

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК